

Мұхтар Әуезовтің өмірбаянында толық ашылмай, тиянақ таппай жүрген кезеңнің бірі – 1922 жыл және оның Орынбордан Ташкентке қай уақытта, не себеппен келгені. Өзі жазған өмірбаянында: “ҚазОАК (КазЦИК) төралқасы мүшесі ретіндегі үлкен лауазымды қызметтен 1922 жылы партия органдары мен үкіметтің рұқсатынсыз кеттім...” деп жазады.

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӨМІРІНІҢ БІР КЕЗЕҢІ

Алдымен осы қызметке қалай, қашан келгенді туралы деректерді қарайық. Қазақстанның орталық архивіндегі материалдар мынадай: “КирЦИК Президиумы мәжілісінің протоколы. 1921 жыл, 15 желтоқсан.

Төраға міндетін атқарушы – Асылбеков, Президиум мүшелері – Авдеев, Әйтиев, хатшы міндетін атқарушы – Кадак.

Күн тәртібі: Шағын президиумның құрамы туралы. Бұл мәселе бойынша Кадак баяндама жасады. Осы мәжілісте: “КЦИКтің саяси” хатшысы М.Әуезов жолдастың Советтер съезіне жүріп кетуіне байланысты оның орнына адам тағайындамай-ақ... шағын президиум құрамына Әйтиев жолдас енгізілсін”, – деген қаулы қабылдайды. М.Әуезов бүкіл ресейлік Советтер съезіне қатысып келгеннен кейін өз қызметіне қайта кіресі. Айта кету керек, Қазақ Республикасының Орталық атқару комитетінің жедел билік органы ретінде құрылған шағын ЦИК (Орталық атқару комитеті) 3-4 күнде бір жиналып, мемлекеттік маңызды мәселелерді шұғыл шешіп отырған. Алқаның құрамы да ықшам: төраға және екі хатшы. Сол екі хатшының біреуі М.Әуезов болып мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді талқылауға белсене қатысқаны сол кездегі құжаттардан айқын көрінеді.

Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастыру, шекараны анықтау арқылы республика тұтастығын қамтамасыз ету жөнінде шешілуге тиісті мәселелер көп болған. Архив құжаттарына қарап отырсаңыз, 14 ақпандағы мәжіліске ішкі істер халық комиссары қызметіне жаңа тағайындалған Әйтиев пен Әділет халкомы Бекмұхаммедов қатысқан. Бұл күні қаралған мәселелерге назар аударуға тұрады. Бекмұхаммедовтің баяндамасы бойынша қобылданған қаулыда өкілеттік мерзімі аяқталғанша КирЦИК құрамынан оның мүшелері тек өлімі себепті және партиялық тәртіппен кері шақырылып алса ғана босай алады делінген. Осы тұрғыдан қарағанда М.Әуезовтің “өз бетіммен оқуға кетіп қалдым” дегені сол кезде үлкен күнә ретінде бағаланғанын көреміз.

Осы мәжілісте саяси хатшы М.Әуезовтің баяндамасы бойынша Хорезм республикасымен (осы күнгі Түркіменстан) арадағы қарым-қатынас туралы маңызды қаулы қабылданады. Қаулыда Хорезм республикасы РСФСР құрамына кірмесе де, Қазақстанмен көршілес жатқандықтан, дипломатиялық байланыс орнату қажеттігі көрсетілген. Хорезм республикасы мен Адай уезі іргелес, халықтары араласып жатыр, сондықтан ондағы қазақтардың мүддесін қорғау үшін республикадан арнайы өкіл тағайындау қажет деп есептейді.

М.Әуезовтің қатысуымен қабылданған мына құжат баспасөздің дәл қазіргі жайына тікелей қатысты-ау деп есептеймін. Онда “Степная правда” газетінің редакциясына бұйрық-жарлықтары мен хабарландыруларын жариялағаны үшін барлық халық комиссариаттарынан ақы алуға рұқсат берілген. Мына құжат та тарихи тұрғыда маңызды. Мендешев, Алманов және Әуезов қол қойған қаулыда Жетісу және Сырдария облыстарын Түркістан республикасы құрамынан алып, Қазақстанға тезірек қосу жөнінде Бүкілодақтық атқару комитетінің алдына мәселе қойылған. Демек, осы күнгі Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарын Қазақ Республикасы құрамына қосу туралы алғаш рет 1922 жылғы наурыздың басында құжат қабылдағаны туралы нақты дерек осы. Қаулыда шекара бөлісі мәселелерін түбегейлі

шешу жағы кейін ойластырылатыны көрсетілген.

13 наурыздағы мәжілісте Орта Азия мен Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны – Түркістан мемлекеттік университетіне (Ташкент) Қазақстаннан 40 студент жіберіп оқыту жөніндегі мәселе де М.Әуезовтің ұсынысы бойынша шешілген. Ұлт кадрларын оқыту шығындарын іздестіру



республика Халық комиссарлары кеңесіне жүктелген.

21 наурыздағы ықшам құрамдағы ЦИК мәжілісінде Мұхтар Әуезов Адай уезіндегі аштық туралы баяндама жасайды. Баяндамасында аштыққа ұшыраған қазақ ауылдарында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін қазақ қызметкерлерінен арнайы өкілдер жіберу жөнінде ұсыныс жасады. Сонымен бірге, Торғай және Семей облыстарындағы қазақтардың аштыққа ұшырағанын М.Әуезов нақты мысалдармен тәптіштеп баяндаған.

Орталық атқару комитеті аштарға көмектесу, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін жедел шешу үшін жер-жерге арнайы өкілдер жіберуді ұйғарды.

1922 жылдың жазында М.Әуезов Семей облысында аштыққа ұшыраған қыр қазақтарына көмек көрсету шараларын басқарған. Сонымен сәуір айында іссапарға аттанған Мұхтар Әуезов, осы сапардан кейін Орынборға қайтып оралмаған. Сол бетімен күзге қарай Ташкент бағытына жүріп кеткен. Бұл орайда 1922 жылғы 1 тамызда жер-жердегі сайлауларға өкілдер тағайындалғанда М.Әуезовтің Ақмола губерниясына бөлінгені туралы дерек бар. Бірақ іссапарда жүрген қызметкерді сырттай тізімге кіргізіп қою да мүмкін.

Енді Мұхтар Әуезовтің өз ынтасымен қызметін тастап кетуінің себептері жөніндегі ойларымызды ортаға салайық. Өзі жазғандай, “Мен саясат ісіне жарамсыз екенімді сезіндім, еркін жазушылық қызметпен айналысу үшін оқуымды аяқтауға бекіндім”, – дегеніне сенуге де болады, сенбеуге де болады. Бұл өмірбаянының кейінде қуғын-сүргінге ұшыраған кезде жазылғанын еске алайық. Мемлекеттік қызметті, яғни партия тапсырмасын тәрк етіп, кетіп қалуының мәнісі неде деген сауал әркімнің көкірегінде тұратыны заңды. Өзі жазған өмірбаянындағы мына сөздерге назар аударайық: “Ол кезде кадрлар аз болғандықтан қызметтегі адамды оқуға босатпайтын. Сондықтан мен сол кездегі жастардың соңынан оқуға рұқсатсыз кетіп қалдым”. Дәл осы тұста әңгіменің басын ашпау қиянат сияқты. Себебі, осы уақытқа дейін бүркемеленіп келген бір шындық бар.

1919 жылы Кеңес үкіметі Қазақстандағы Алаш қозғалысына, дәлірек айтқанда Алашорда үкіметін құруға қатысқандарға жаппай кешірім жасап, оларды қуғындауға “үзілді-кесілді тыйым салғаны” мәлім. Сол кешірімнен кейін Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхановтан бастап, белгілі қайраткерлердің бәрі Кеңес үкіметінің саяси бағы-

тына қосылды. Жаңа билікке белсене қатысып, Қазақстан мемлекеттігін құруға ат салысады. Қазақ оқығандары, көрнекті ұлт қайраткерлері ретінде жаңа тәртіп жағдайында өз халқының басына ауыртпалық түсірмеуге күш салды. Бірақ олардың ұлтжандылығы жалаңкөйіш белсенділерге “ұлтшылдық”, “орысқа, большевикке қарсылық” болып көрінді. Тіпті, жоғарыдағы құжаттарда айдан-анық болып тұрған қазақ даласындағы ашаршылықтың өзін бүркемелеуге тырысты. “Революция құрбандықсыз болмайды” деген тұрпайы қағиданың іс жүзіндегі көрінісі осындай еді. Біз үзінді түрінде, кейде толық келтірген құжаттарда, мағлұматтарда Алашорданың бұрынғы қайраткерлерін “отырса – опақ, тұрса – сопақ” етіп көрсетуге бейімдіктің белең алғанын архив құжаттарынан көрдік. Кейін ел

билігіндегі қазақ қызметкерлерінің өз арасынан жік шығып, біріне-бірі жала жапты. Шын мағынасында бұл кәдімгі мансапқорлық, жай айтқанда “қызметке таласушылық” еді. Билік орындарында Ә.Бөкейханов, Ә.Ермеков, А.Байтұрсынов, М.Әуезов сияқты зиялылардың отырғаны “кеңес үкіметі үшін жан сала күрескендерге” ұнамады. Тіпті бір құжатта большевик Ә.Әйтиевтің дәл осылай анық істеп жүргендерге жала жауып, адал қызметін жоққа шығарып жатса, Әуезовтер не істеуі керек? “Қасқырдың аузы жесе де – қан, жемесе де – қан” дегендей, үкіметке сенімсіз екендігін сезінген жанның әрекеті қандай болмақ? Оның үстіне “Ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы” қағиданың жалған екенін көріп тұрса, қайтпек? Өмірі қазақ көрмеген Корестелев, Заремский, Маслов, Ванштейн, Мамыкин сияқты “еуропалық коммунистер” атқарушы органдарға кіріп алып, Қазақстанды билеп-төстеуге қосылып жатса ше?

Осындай қым-қуыт жағдайда 25 жастағы М.Әуезов өз қазағына күн тудыра алмайтынын, әр қадамын Ресей үкіметінің мінез-құлқына сай өлшеп басу керектігін сезінді де, мемлекеттік қызметтен түңілді. Сол үшін “еркін жазушылық, ұстаздық қызметке кіруге” мәжбүр болғанын байқаймыз.

Кейін 1931 жылғы мамырдың 16 күні тұтқында отырып, тергеушіге берген жауабында мұның себебін Мұқаң өзі таратып былай жазды да:

“...Сол тұста кеңінен тараған өткен дәуірдің өктемдігінен отаршылдық пиғылдан арыла алмаған жергілікті партия қызметкерлерінің әрекеті менің көңілімді суытып, алпығымды басты. Отаршылдық пиғыл біздің, оның ішінде менің ұлттық намысымызды қоздырды. Бұл сезімнің билеп алғаны сондай, бұдан өрі менің партия қатарында қалуыма мүмкіндік бермеді... бұдан өрі партия қатарында қалу мүмкін емес деп шештім”.

Екінші бір жағдай мынадай: Қазақстандағы, оның астанасы Орынбордағы орысқа қолжаулық үкіметтің “тірлігін” көзімен көріп, түңіле бастаған М.Әуезов Ташкент жаққа көз салды. Онда қазақтың зиялы деген өкілдері жан-жақтан бірінен соң бірі ағылып барып жиналып жатыр екен. Тұтас Түркістан идеясы Мұқаңға да жат болмаған. Сондықтан үкіметпен де, партиямен де қоштасып, Ташкентке келеді.

М.Әуезовтің өмірбаянын жазушылар оның өмірінің Ташкент кезеңінен тым аз мағлұмат береді. “1922 жылы Ташкент қаласына келді немесе дәлірек айтқанда, сол

жылдың күзінде келіп оқуға орналасады”, – дегеннен артыққа бармайды. Мұқаң өзі 1950 жылы жазған өмірбаянында: “1922 жылдың күзінде Ташкенттегі мемлекеттік университетке еркін тыңдаушы болып кірдім”, – деп жазған. Біз жоғарыда Мұқаңның Орынборда алты айдай Орталық атқару комитетінің саяси хатшысы қызметіндегі кезеңінен мағлұматтар келтірдік. Ұлы тұлғаның өмірінің әр сәті ұрпақтары үшін қымбат. 25 жасқа толар-толмас шағында Қазақстан мемлекеттілігін құрудың басы-қасында болған Мұхтар Әуезовтің қанша қыруар іс тындырғанына көзіміз жетеді. Әрине, Мұқаң жас та болса, соның алдында Семейде мемлекеттік қызмет атқарып, едәуір ысылып келген, әрі сауатты, алғыр жігіт ретінде қызметтестерінің арасында беделді болғаны сөзсіз. Сондықтан да оған мемлекеттік деңгейде үлкен сенім білдірілген. Бірақ қалай болғанда да, Әуезов туған халқының жадында ұлы жазушы, ғалым ретінде қалғаны үлкен бақыт деп есептейміз.

Енді Ташкентте түскен бір суреттің сырына тоқталсақ. Суреттің астында “Тұңғыш қазақ қызы Аққағаз Досжанованың медицина факультетін бітіруіне байланысты қазақ интеллигенциясының фотосы, САГУ, 1922 ж. Ташкент” деп жазылған. Суретке түскендердің пұшпақ бөрік, елтірі бөрік, сөңсең бөрік, кейбірінің теплек, қалпақ киіп, кейбіреуінің жағалы пальто кигеніне қарағанда бұл кез бері қойғанда қарашаның ортасы-ау деп ойлауға болады. Яғни, ыстық Ташкент күзінгі соңғы күндері болса керек. Суретте М.Әуезов соңғы қатарда. Соңынан санағанда алтыншы, Мағжан Жұмабаев оның алдындағы қатарда жетінші тұр. Суреттің астында 20 адамның аты-жөні бар. Олар суретте цифрмен таңбаланған. Қарағанды облысы ішкі істер басқармасы сараптау криминалистика бөлімінің көмегімен (сарапшы Е.Цаплин) сурет жаңартылды, астындағы жазулар қалпына келтіріліп оқылды. Жазу мәтіні мынадай: 1. Аққағаз Досжанова. 2. Халел Досмұхамбетов. 3. Иса Қашқынбаев. 4. Қашқынбаева. 5. Ходжанова. 6. Рабиға Қаратаева. 7. Мағрипа Қойайдарова. 8. Сара Қапина. 9.... 10. Сабыр Қапин. 11. Хайрулла Қаратаев. 12. Мұхтар Әуезов. 13. Омаров. 14. Альжан... 15. Мәриям Ахенбекова. 16. Омарова. 17. Анель Аспандиярова. 18. ... 19. Досмұхамбетова. 20. Тынышбаев. Балаларды қоса есептегенде, барлығы 58 жан. Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезов Ташкентке келген бетінде сондағы қазақ зиялыларымен осы жиында жақынырақ танысқан деп жорамалдаймыз.

Аққағаздың оң жағындағы профессор Халел Досмұхамедов да, сол жағындағы профессор Александр Эдуардович Шмидт. Бұлардың арасында, кейін 1930 жылы “Сырдария ісі” бойынша ұсталғандардың көбі бар екені шүбәсіз. Бәрі де, суреттің астында жазылғандай, сол кезде Ташкентті сағалаған Алаш көсемдері. Ұрпақтары қалса, тани жатар.

1922 жылдың желтоқсан айының 4-і күні қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қауымы құрылған. Оның төрағасы Халел Досмұхамедов те, хатшылығына Мұхтар Әуезов сайланған. Мүшелері: Александр Эдуардович Шмидт, этнограф Әубәкір Диваев, ақын Мағжан Жұмабаев, Кәріп Жәленов, Николаев, Архангельский, Иса Тоқтыбаев, Мұхаметжан Тынышбаев, Мырзағазы Есболов, қырғыз қайраткері Қасым Тыныстанов. 1930 жылы бұлар “Досмұхамедов пен Тынышбаевтың ұлтшылдық ұйымына қатысты” деген жаламен түгел ұсталды. Мұхтар Әуезовке тағылған “қылмыс” та осы еді. Шынында “Талап” қауымының жарғысында тек қана мәдени-ағарту қызметі, оқулықтар шығару, әдеби-тарихи материалдар жинау, ғылымды насихаттау кезделген. Мұхтар Әуезов “Талаптың” хатшысы ретінде “Шолпан” журналының 1922 жылғы екінші санына “Қазақ қалам қайраткерлеріне” деген тақырыптан ашық хат жариялап, жаңа ұйымның мақсат-міндетін көпке жаяды.

Міне, ұлы ойшыл, жазушы Мұхтар Әуезовтің бір жылғы өмірі мен қызметі жайлы кейбір архив деректері осындай.

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ,  
М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың  
профессоры, Қазақстан Жоғары  
мектебі ұлттық ғылым  
академиясының академигі.**